

ҚАҒИДАЛАР ЖИНАҒЫ

Төлем агенті функциясын жүзеге асыру бойынша қызметті көрсету қағидасы

Бекітілді

"Бағалы қағаздар орталық
депозитарий" АҚ Директорлар
кеңесінің шешімімен

(2018 жылғы 30 қарашадағы сырттай
дауыс берудің № 89 (с) хаттамасы)

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап

қолданысқа енгізілді

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгеріс мен толықтыру:

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2019 жылғы 14 маусымдағы сырттай дауыс берудің № 44 (с) хаттамасы);
- 2019 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	5
1-тарау.	Жалпы ережелер	5
1-бап.	Ұғымдар, терминдер, шартты (қысқартылған) белгілер, сөздік түсіндірмелер	5
2-бап.	Осы Қағиданың қолданылу салаларын шектеу	6
3-бап.	Төлем агентінің қызметі туралы жалпы ережелер	7
2-тарау.	Төлем агенті қызметін көрсету тәртібі	8
4-бап.	Жалпы ережелер	8
§ 1.	Өкілетті ұстаушылар тізімін жасау және тексеру. Ұстаушыларды алдағы төлем туралы хабарлау	8
5-бап.	Жалпы ережелер	8
6-бап.	Ұстаушылардың жалпы тізімі	9
7-бап.	Өкілетті ұстаушылар тізімі	9
8-бап.	Өкілетті ұстаушылар тізімін тексеру	10
9-бап.	Ұстаушыларды алдағы төлем туралы хабарлау	11
§ 2.	Өкілетті ұстаушыларға тиесілі соманы төлеу үшін арналған ақшаны ерекшелеу. Өкілетті ұстаушыларға тиесілі соманы төлеу	11
10-бап.	Өкілетті ұстаушыларға тиесілі соманы төлеу үшін арналған ақшаны ерекшелеу	11
11-бап.	Өкілетті ұстаушыларға тиесілі соманы төлеу	12
§ 3.	Тиесілі соманы төлеу туралы есепті жасау және өзге аяқтаушы рәсімдерді орындау	13
12-бап.	Тиесілі соманы төлеу туралы есепті жасау	13
13-бап.	Өзге аяқтаушы рәсімдерді орындау	13
3-тарау.	Орталық депозитарийдің төлем агенті қызметін көрсетуге келісімін алу	14
14-бап.	Жалпы ережелер	14
15-бап.	Өтініш	14
16-бап.	Өтінішке қоса беруге жататын құжаттар	14
17-бап.	Өтінішті қарау	15
18-бап.	Орталық депозитарийдің өтінішке сәйкес төлем агенті қызметін көрсетуге келісім беруден бас тарту үшін негіздемесі	15
19-бап.	Құжаттарды айырбастау әдістері	16
4-тарау.	Өзге ережелер	17
20-тарау.	Төлем агенті қызметін көрсету	17
21-тарау.	Орталық депозитарийдің төлем агенті ретінде айрықша міндеті	18
22-тарау.	Орталық депозитарийдің төлем агенті ретінде жауапкершілігін шектеу	18
23-тарау.	Қорытынды ережелер	18

"Бағалы қағаздар орталық депозитарий" АҚ Қағидалар жинағы:
Төлем агенті функциясын жүзеге асыру бойынша қызметті көрсету қағидасы

Қосымшалар

Қосымша	Өкілетті ұстаушылардың тізімін тексерудің міндетті өлшемдері	19
---------	--	----

Осы Қағида "Бағалы қағаздар рыногы туралы", "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-ның (бұдан әрі – Орталық депозитарий) төлем агенті функцияларын жүзеге асыру бойынша қызмет көрсету шарты мен тәртібін айқындайды.

Осы Қағида Орталық депозитарийдің қағидалар жинағының құрамдас және ажырамас бөлігі болып табылады (бұдан әрі- Қағидалар жинағы).

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. **Ұғымдар, терминдер, шартты (қысқартылған) белгілер, сөздік түсіндірмелер**

1. Осы Қағидаларда Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Орталық депозитарийдің "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағына кіріспе" деген ішкі құжатымен анықталған ұғымдар, терминдер, шартты (қысқартылған) белгілер пайдаланылады.
2. Осы Қағидаларда пайдаланылған өзге терминдер және шартты (қысқартылған) белгілер келесіні білдіреді:
 - 1) **"талап етілмеген ақша"** – оларға тиесілі және тиесілі болған акциялар бойынша дивидендтер түрінде құралдарды ұстаушыларға төлеуге жататын ақша, бірақ осы акцияларды шығарған акционерлік қоғамда осы ұстаушылардың өзекті деректемелері туралы мәліметтердің болмауы себебінен оларға төленбеген және/немесе бағалы қағаздарды ұстаушылардың тзілімдері жүйесінде;
 - 2) **"төлем кезеңі"** – осы төлемнің белгіленген аяқталу уақытының басталуы бойынша аяқталатын және осы төлемді аяқтаудың белгіленген уақтының басталуы бойынша аяқталатын уақыт аралығы;
 - 3) **"№ 409 қағида"** – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы № 409 қаулысымен бекітілген Төлем агенті қызметін жүзеге асыру қағидасы;
 - 4) **"тиесілі сома"** – оған тиесілі немесе тиесілі болған құралдар бойынша кіріс (мысалы, облигациялар бойынша дивидендтер немесе сыйақылар) түрінде және/немесе оларды өтеген кезде құралдардың номиналды құны түрінде құралдарды ұстаушыға төлеуге жататын ақша;
 - 5) **"төлем агентінің қызметі"** – Орталық депозитарийдің төлем агенті функциясын жүзеге асыру бойынша қызметі.

(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 14 маусымдағы шешімімен өзгертілді).

3. Осы Қағиданың мақсаттары үшін:
 - 1) ұстаушы деп құралдарды ұстаушы түсініледі;
 - 2) өкілетті ұстаушы деп тиесілі соманы алуға құқығы бар ұстаушы түсініледі;
 - 3) бағалы қағаздар деп эмиссиялық бағалы қағаздар түсініледі.

2-бап. Осы Қағиданың қолданылу саласын шектеу

1. Осы Қағиданың қолданылуы келесі құралдар бойынша Орталық депозитарий көрсететін төлем агенті қызметіне таралмайды:
 - 1) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша;
 - 2) Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған құралдар бойынша.
2. Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша төлем агенті қызметін Орталық депозитарийдің көрсету шарты мен тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарын, соның ішінде Қағидалар жинағының құрамына кіретін "Тарифтер мен алымдар туралы ереже" деген оның ішкі құжатын ескеріп, Қазақстан Республикасы заңнамасын негізге алып, жасалатын Орталық депозитарий мен оның эмитенттері арасындағы келісіммен анықталады.
3. Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған құралдар бойынша төлем агенті қызметін Орталық депозитарийдің көрсету шарты мен тәртібі қолданылатын заңнама нормаларын, сондай-ақ Орталық депозитарийдің және есепке алу ұйымдарының және/немесе қызмет көрсететін банктерінің ішкі құжаттарының, соның ішінде Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағының құрамына кіретін "Тарифтер мен алымдар туралы ереже" деген ішкі құжаттарының нормаларын негізге алып, жеке тәртіппен анықталады.

3-бап. Төлем агентінің қызметі туралы жалпы ережелер

1. Төлем агентінің қызметі Орталық депозитарийдің тізімге сәйкес осы ақшаны алуға құқығы бар ұстаушылар арасында қандай да бір атаудағы шығарылған құралдар бойынша төлеу үшін эмитенттен алған, сондай-ақ Орталық депозитарийге эмитент берген ақшаны бөлумен түйінделеді.

Сондай-ақ төлем агенті қызметін көрсету шеңберінде Орталық депозитарий талап етілмеген ақшаның есебін жүргізеді (осы акцияны шығарған акционерлік қоғамда және/немесе бағалы қағаздарды ұстаушыларының тізілімдері жүйесінде өзекті деректемелері туралы мәліметтер жоқ ұстаушыларға тиесілі немесе тиесілі болған акциялар бойынша дивидендтер түрінде төлеуге жататын ақшаға ғана қатысты).

Төлем агенті қызметін көрсету тәртібі осы Қағиданың 2-тарауымен анықталды.

(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 14 маусымдағы шешімімен өзгертілді).

2. Төлем агентінің қызметін пайдалануға ниетті эмитент Орталық депозитариймен іскерлік қатынастардың қатысушысы болып табылуы тиіс *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 14 маусымдағы шешімімен өзгертілді).*

Қағидалар жинағына сәйкес қызметті Орталық депозитарий жүзеге асырған кезде Орталық депозитарий мен оның клиенттері арасында іскерлік қатынастарды орнату, қолдау және тоқтату шарты мен тәртібі Орталық депозитарийдің "Іскерлік қатынастарды орнату, қолдау және тоқтату қағидасы" деген ішкі құжатымен анықталады.

3. Төлем агентінің қызметін алу үшін эмитент осы қызметті көрсетуге Орталық депозитарийдің келісімін алдын ала алуы тиіс *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 14 маусымдағы шешімімен өзгертілді).*

Көрсетілген келісімді алу шарты мен тәртібі осы Қағиданың 3-тарауымен анықталды.

2-тарау. ТӨЛЕМ АГЕНТІ ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

4-бап. Жалпы ережелер

1. Төлем агенті қызметін көрсету процесі өзіне келесі кеңейтілген іс-әрекеттерді қамтиды:
 - 1) өкілетті ұстаушылар тізімін жасау және тексеру;
 - 2) алдағы төлем туралы ұстаушыларды хабарлау;
 - 3) өкілетті ұстаушыларға тиесілі соманы төлеу үшін арналған ақшаны оқшаулау;
 - 4) өкілетті ұстаушыларға тиесілі соманы төлеу;
 - 5) тиесілі соманы төлеу туралы есепті жасау және өзге аяқтаушы рәсімдерді орындау.
2. Қағидалар жинағына сәйкес өз қызметін жүзеге асырған кезде Орталық депозитарийдің өзінің клиенттерінен құжаттарды қабылдау және Орталық депозитарийдің өзінің клиенттеріне құжаттарды беру шарты мен тәртібі Қағидалар жинағының құрамына кіретін Орталық депозитарийдің "Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасы" деген ішкі құжатымен анықталды.

§ 1. Өкілетті ұстаушылардың тізімін жасау және тексеру. Ұстаушыларды алдағы төлем туралы хабарлау

5-бап. Жалпы ережелер

1. Өкілетті ұстаушылардың тізімін эмитент Орталық депозитарийден алған ұстаушылардың жалпы тізімі негізінде жасайды.
2. Өкілетті ұстаушылардың тізімін жасау процесі келесі іс-әрекеттерді қамтиды:
 - 1) эмитенттің Орталық депозитарийге ұстаушылардың жалпы тізімін беруге сұратуды жасауы және беруі;
 - 2) Орталық депозитарийдің эмитентке ұстаушылардың жалпы тізімін жасауы және беруі;
 - 3) эмитенттің Орталық депозитарийге өкілетті ұстаушылардың тізімін жасауы және беруі;
 - 4) Орталық депозитарийдің өкілетті ұстаушылардың тізімін тексеруі.

6-бап. Ұстаушылардың жалпы тізімі

1. Ұстаушылардың жалпы тізімін беруге сұрату (бұдан әрі осы тарауда – сұрату) Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген нысан бойынша жасалады (осы тармақтың екінші абзацымен белгіленген талаптарды ескеріп).

Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген сұрату нысаны бұлардың бәрінен басқа, құралдың бір бірлігі есебіндегі тиесілі соманы көрсету үшін алаң бар.

Орталық депозитарий өзінің интернет-сайтында сұрату нысанын жариялайды.
2. Эмитент Орталық депозитарийге сұратуды осындай әдіспен және сұратумен белгіленген төлем кезеңі аяқталатын күнге дейін төрт жұмыс күнінен кешіктірмей сұрату алған осындай мерзімде беруге міндетті.
3. Ұстаушылардың жалпы тізімі сұратуда көрсетілген күндегі және уақыттағы жағдай бойынша Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген нысан бойынша жасалады.
4. Орталық депозитарий сұрату жасалған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде ұстаушылардың жалпы тізімін эмитентке береді.

7-бап. Өкілетті ұстаушылар тізімі

1. Орталық депозитарийден ұстаушылардың жалпы тізімін алғаннан кейін эмитент оны өкілетті ұстаушылар тізімі негізінде жасайды.

Өкілетті ұстаушылардың тізімі өзінің мазмұны бойынша ұстаушылардың жалпы тізімінен тек қана эмитенттің өзінің қалауы бойынша жасаған барлық немесе кейбір тиесілі соманы түзетумен ғана және барлық тиесілі соманың жалпы мөлшерінің тиісінше ерекшелігімен өзінің мазмұны бойынша ерекшеленуі мүмкін.

2. Өкілетті ұстаушылар тізімі Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген нысан бойынша жасалады (осы тармақтың екінші абзацымен белгіленген талаптарды ескеріп).

Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген өкілетті ұстаушылар тізімінің нысанында, бұлардан басқа, № 409 қағидаға сәйкес талап етілетін алаң болуы тиіс.

3. Эмитент Орталық депозитарийге осындай әдіспен өкілетті ұстаушылар тізімін және сұратумен белгіленген төлем кезеңі аяқталатын күнге дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей осы тізімді алған осындай мерзімде беруге міндетті (осы Қағиданың 8-бабына сәйкес өкілетті ұстаушылар тізімін пысықтауға және/немесе түзетуге қажет уақытты ескеріп).

8-бап. Өкілетті ұстаушылар тізімін тексеру

1. Орталық депозитарий алған өкілетті ұстаушылардың тізімін онда келтірілген мәліметтердің толықтығы мен дәлдігін, сондай-ақ осы Қағиданың 7-бабының 1-тармағына сәйкес жол берілмейтін эмитент енгізген өзгерістердің және/немесе толықтырулардың болмағанын Орталық депозитарий тексереді (бұдан әрі осы бапта – тексеру).

Тексерудің міндетті өлшемдері осы Қағидаға қосымшамен анықталды. Орталық депозитарий Басқармасы өзінің шешімімен (өзінің шешімдерімен) тексерістің қосымша критерийлерін анықтауға құқылы.

Тексеріс орындалған кезде Орталық депозитарий эмитенттің өзінің қалауы бойынша жасалған тиесілі соманы түзетулердің дұрыстығын және негізделуін тексермейді.

2. Орталық депозитарий өкілетті ұстаушылардың тізімін алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде тексеруді жүргізеді.
3. Орталық депозитарий тексерістің оң нәтижесін алған кезде төлем агентінің қызметін көрсету бойынша мынадай іс-әрекеттерді орындауға кіріседі.

Осы баптың 1-тармағына сәйкес орындалған тексерістің кері нәтижесін алған кезде, Орталық депозитарий эмитентке тексеріс нәтижелеріне сәйкес өкілетті ұстаушылардың тізімін пысықтау және/немесе түзету қажеттілігі туралы хабарламаны жібереді.

Тексеру нәтижелеріне сәйкес өкілетті ұстаушылардың тізімін пысықтау және/немесе түзету қажеттілігі туралы хабарлама тексерістің кері нәтижелерін алған өлшемдер туралы мәліметтер болуы тиіс.

4. Орталық депозитарийден өкілетті ұстаушылардың тізімін пысықтау және/немесе түзету қажеттілігі туралы хабарламаны алғаннан кейін тексеріс нәтижелеріне сәйкес эмитент Орталық депозитарийге өкілетті ұстаушылардың тиісінше әдіспен пысықталған және/немесе түзетілген тізімін беруге міндетті.
5. Орталық депозитарийден алған пысықталған және/немесе түзетілген өкілетті ұстаушылардың тізіміне осы баптың 1–4-тармақтарымен белгіленген нормалар қолданылады.

9-бап. Ұстаушыларды алдағы төлем туралы хабарлау

1. Осы Қағиданың 8-бабына сәйкес орындалған өкілетті ұстаушылардың тізімін тексерудің оң нәтижесін алғаннан кейін, Орталық депозитарий:
 - 1) мынадай ақпарат бар хабарламаны өкілетті ұстаушылардың тізіміне енгізілген әрбір депонентке және/немесе клиенттеріне жібереді:

тиесілі соманың алдағы төлемі туралы;

осы депонент және/немесе оның клиенттері өкілетті ұстаушылардың тізіміне енгізілгені туралы;
 - 2) өзінің интернет-сайтында алдағы тиесілі соманы төлеу туралы жаңалықты жариялайды.
2. Орталық депозитарий осы Қағиданың 8-бабына сәйкес орындалған өкілетті ұстаушылардың тізімін тексерудің оң нәтижесін алған күннен бастап бір жұмыс күні шінде осы баптың 1-тармағымен белгіленген іс-әрекеттерді орындайды.

§ 2. Өкілетті ұстаушыларға тиесілі соманы төлеу үшін арналған ақшаны оқшаулау. Өкілетті ұстаушыларға тиесілі соманы төлеу

10-бап. Өкілетті ұстаушыларға тиесілі соманы төлеу үшін арналған ақшаны оқшаулау

1. Эмитент сұратумен белгіленген төлем кезеңі аяқталатын күнге дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей Орталық депозитарийдің банктік шотына осындай әдіспен және осындай мерзімде осы ақшалар есептелген өкілетті ұстаушыларға барлық тиесілі соманы төлеу үшін арналған ақшаны Орталық депозитарийге аударуға міндетті (осы баптың 2-тармағымен белгіленген талаптарды ескеріп).

Орталық депозитарий өзінің интернет-сайтында клиенттеріне пайдалану үшін арналған өзінің банктік деректемелері туралы мәліметтерді жариялайды.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес Орталық депозитарийге эмитент аударатын ақшаның сомасы өкілетті ұстаушылардың тізімінде көрсетілген барлық тиесілі соманың жалпы мөлшерімен сәйкес келуі тиіс.

11-бап. Өкілетті ұстаушыларға тиесілі соманы төлеу

1. Өкілетті ұстаушыларға тиесілі соманы төлеу осы Қағиданың 10-бабына сәйкес Орталық депозитарий алған ақшаны бөлу арқылы жүзеге асырылады, ал өкілетті ұстаушылар арасында өз кезегінде, деректемелері өкілетті ұстаушылар тізімінде көрсетілген банктік шоттарға тиесілі соманы аудару арқылы орындалады (клиенттері өкілетті ұстаушылар болып табылатын сол өкілетті ұстаушылардың немесе депоненттердің).

Банктік шоттарға аударымдарды жүзеге асырған кезде Орталық депозитарий Қазақстан Республикасының банктік заңнамасын және төлемдер және төлем жүйелері туралы Қазақстан Республикасы заңнамасын басшылыққа алады.

2. Өкілетті ұстаушыларға тиесілі соманы төлеген кезде Орталық депозитарий осы Қағиданың 7-бабына сәйкес өкілетті ұстаушылардың тізімін Орталық депозитарий бірінші алған сәт немесе осы Қағиданың 10-бабына сәйкес ақшаны Орталық депозитарий алған сәт және сұратумен белгіленген төлем кезеңі аяқталған сәт арасындағы уақыт аралығында оларды алуға құқығы жойылған ұстаушыларға осы соманы аудармайды (бұрын не болғанына қарамастан).

Бұдан өзге, егер тиесілі сомалар, оларға тиесілі немесе тиесілі болған акциялар бойынша дивидендтер түрінде ұстаушыларға төлеуге жататын ақша болып табылса, өкілетті ұстаушыларға тиесілі соманы төлеген кезде сондай-ақ Орталық депозитарий осы акцияны шығарған акционерлік қоғамда және/немесе бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде өзекті деректемелері туралы мәліметтер жоқ ұстаушыларға осы соманы аудармайды (*осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 3019 жылғы 14 маусымдағы шешімімен енгізілді*).

3. Орталық депозитарий осы Қағиданың 8-бабына сәйкес орындалған өкілетті ұстаушылардың тізімін тексерудің оң нәтижесін Орталық депозитарий алған күннен бастап немесе осы Қағиданың 10-бабына сәйкес ақшаны Орталық депозитарий алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде тиесілі соманы өкілетті ұстаушыларға аударды (кейін не болғанына қарамастан).

§ 3. Тиесілі соманы төлеу туралы есепті жасау және өзге аяқтаушы рәсімдерді орындау

12-бап. Тиесілі соманы төлеу туралы есепті жасау

1. Осы Қағиданың 11-бабына сәйкес өкілетті ұстаушыларға тиесілі соманы төлеуді аяқталғаннан кейін Орталық депозитарий ос ытөлем туралы есепті эмитентке жібереді (бұдан әрі осы бапта – есеп).

Есеп Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген нысан бойынша жасалады *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 14 маусымдағы шешімімен өзгертілді).*

(Осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 14 маусымдағы шешімімен алынып тасталды).

2. Орталық депозитарий эмитентке сұратумен белгіленген төлем кезеңі аяқталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде есепті жібереді.

13-бап. Өзге аяқтаушы рәсімдерді орындау

1. Сұратумен белгіленген төлем кезеңі аяқталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы баптың 2-тармағымен белгіленгендерді қсопағанда, Орталық депозитарий эмитенттің банктік шотына осы Қағиданың 10-бабына сәйкес Орталық депозитарий алған ақша сомасы және осы Қағиданың 11-бабына сәйкес өкілетті ұстаушыларға Орталық депозитарий төлеген барлық тиесілі соманың жалпы мөлшері арасында айырма мөлшеріндегі ақшаны эмитенттің банктік шотына аударады.

2. Тиесілі соманы төлегеннен кейін қалған ақшаны эмитентке қайтаруды Орталық депозитарий тиесілі сомалар оған тиесілі немесе тиесілі болған акциялар бойынша дивидендтер түрінде ұстаушыларға төлеу жататын ақша болып табылмайды деген шартпен Орталық депозитарий жүзеге асырады.

Егер тиесілі соманы төлегеннен кейін қалған ақша оған тиесілі немесе тиесілі болған акциялар бойынша дивидендтер түрінде ұстаушыларға төлеуге жататын ақша болып табылса, Орталық депозитарий сақтауға талап етілмеген ақшаны қабылдауды жүзеге асырады.

Сақтауға талап етілмеген ақшаны Орталық депозитарийдің қабылдауы Орталық депозитарийдің ішкі есебінің жүйесінде ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін арнайы шоғырландырылған ақша есебіне тиесілі соманы төлегеннен кейін қалған ақшаны есепке алу арқылы жүзеге асырылады.

Талап етілмеген ақшаны есепке алу Қағидалар жинағына кіретін "Талап етілмеген ақшаны есепке алу бойынша қызметті көрсету қағидасы" деген ішкі құжатымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

(Осы бап Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 14 маусымдағы шешімімен өзгертілді).

3-тарау. ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙДІҢ ТӨЛЕМ АГЕНТІ ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУГЕ КЕЛІСІМІН АЛУЫ

14-бап. Жалпы ережелер

Төлем агенті қызметін көрсетуге Орталық депозитарийдің келісімін алу үшін эмитент осы қызметті алуға өтінішті Орталық депозитарийге беруі тиіс (бұдан әрі осы тарауда – өтініш).

(Осы бап Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 14 маусымдағы шешімімен өзгертілді).

15-бап. Өтініш

Өтініш Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген нысан бойынша жасалады.

Орталық депозитарий Басқармасы өзінің шешімімен (өздерінің шешімдерімен) құралдардың түрлері (мысалы, акциялар, облигациялар, пайлар) бойынша сараланған өтініштің түрлі нысандарын бекітуге құқылы.

Орталық депозитарий өзінің интернет-сайтында өтініштің нысанын (нысандарын) жариялайды.

16-бап. Өтінішке қоса беруге жататын құжаттар

1. Эмитент Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген тізбе бойынша құжаттарды өтінішке қоса беруі тиіс. Сондай-ақ көрсетілген тізбе онда көрсетілген құжаттарға қойылатын талаптарды қамтуы мүмкін.

Орталық депозитарий өзінің интернет-сайтында өтінішке қоса беруге жататын құжаттардың тізбесін жариялайды.

2. Өтінішке қоса берілетін құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген Қағидалар жинағымен және тізбемен анықталған осындай құжаттарға қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс.

17-бап. Өтінішті қарау

1. Орталық депозитарий қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Орталық депозитарий өтінішті қарайды (осы баптың 2-тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп).
2. Өтінішті қарау процесінде Орталық депозитарий өтінішті берген эмитенттен осы эмитентке төлем агенті қызметін көрсету туралы шешім қабылдау үшін қажет қосымша құжаттарды сұратуға құқылы. Осындай сұрату жағдайында осы баптың 1-тармағымен белгіленген мерзім Орталық депозитарийдің сұратылған құжаттарды алғанға дейін уақытқа тоқтатыла тұрады.

Сұратылған құжаттар оларға Қазақстан Республикасы заңнамасымен анықталған талаптарға сәйкес келуі тиіс.
3. Орталық депозитарийдің эмитенттен өтінішті қабылдауы осы эмитентке төлем агенті қызметін көрсетуге келісім беру міндетін Орталық депозитарийге жүктемейді.
4. Орталық депозитарий өтініш берген эмитентке осы Қағиданың 18-бабында көзделген негіздеме (негіздемелер) бойынша төлем агенті қызметін көрсетуге келісім беруден бас тартуға құқылы.
5. Осы баптың 1-тармағымен белгіленген мерзімнің аяқталу сәтінен кешіктірмей, Орталық депозитарий өтінішті берген эмитентке өтінішке (осындай бас тартудың негіздемесін көрсетіп) сәйкес осы қызметті көрсетуге келісім беруден бас тартумен жазбаша хабарламаны не осы эмитентке төлем агенті қызметін көрсетуге келісім беру туралы хабарламаны жібереді (тапсырады).
6. Өтінішті берген эмитентке осы эмитентке төлем агенті қызметін көрсетуге келісім туралы хабарламаны жібергеннен (тапсырғаннан) кейін, Орталық депозитарий өзінің интернет-сайтында төлем агенті қызметін осы эмитентке көрсететіндігі туралы ақпаратты жариялайды.

18-бап. Орталық депозитарийдің өтінішке сәйкес төлем агенті қызметін көрсетуге келісім беруден бас тарту үшін негіздемесі

Орталық депозитарий мына негіздемелердің кез келгені бойынша өтінішке сәйкес төлем агенті қызметін көрсетуге келісім беруден бас тартады:

- 1) Орталық депозитарий мен өтінішті берген тұлға арасындағы іскерлік қатынастардың болмауы;
- 2) өтініштің Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген нысанға сәйкес келмеуі;
- 3) осы Қағиданың 16-бабына сәйкес өтінішке қоса берілген құжаттардың Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген тізбеге сәйкес келмеуі; және/немесе

осы Қағиданың 17-бабының 2-тармағына сәйкес олар сұратқан барлық немесе жекелеген құжаттарды Орталық депозитарийге ұсынбауы;

- 4) осы Қағиданың 16-бабына сәйкес өтінішке қоса берілген құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Қағидалар жинағымен анықталған осындай құжаттарға және Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекіткен тізбеге қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі; және/немесе

осы Қағиданың 17-бабының 2-тармағына сәйкес Орталық депозитарийге берілген құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасымен анықталған осындай құжаттарға қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі;

- 5) осы Қағиданың 16-бабына сәйкес өтінішке қоса берілген немесе осы Қағиданың 17-бабының 2-тармағына сәйкес Орталық депозитарийге берілген өтініштің және құжаттардың мазмұнын бірдей мағынада түсінудің мүмкін еместігі, соның ішінде көрсетілгендермен шектелместен, толтыру үшін міндетті толтырылмаған жолдардың немесе түзетілген жердің, анық емес жазбалардың, өшірілген жердің болуы;
- 6) өтініште және/немесе осы Қағиданың 16-бабына сәйкес немесе осы Қағиданың 17-бабының 2-тармағына сәйкес Орталық депозитарийге берілген өтінішке қоса берілген құжаттарда қолдың (қолдардың) және/немесе мөр бедерінің Орталық депозитарийге берілген эмитенттің қол қою үлгілері мен мөр бедері бар карточкадағы үлгіге (үлгілерге) сәйкес келмеуі (мұндай сәйкес келу қажет болған жағдайларда);
- 7) осы Қағиданың 2-бабының 1-тармағымен анықталған шектеулердің қолданысына эмитент шығарған құралдардың сай келуі;
- 8) өзге дәлелденген негіздеме бойынша, бұл ретте Орталық депозитарий өтінішке сәйкес төлем агенті қызметін көрсетуге келісім беруге немесе өтінішке сәйкес төлем агенті қызметін көрсетуге қабілетті емес.

19-бап. Құжаттарды айырбастау әдістері

1. Өтініш Орталық депозитарийге қағаз жеткізушіде түпнұсқа түрінде беріледі және оған Қағидалар жинағының құрамына кіретін "Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасы" деген Орталық депозитарийдің ішкі құжатының 12-бабының 3-тармағы қолданылатын жеке тұлға жеткізеді.

Орталық депозитарийге өтініш берудің өзге әдістері клиентті көздеген және ақпараттық қауіпсіздік түсінігін негізге ала отырып, Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен (шешімдерімен) анықталады.

2. Осы Қағиданың 16-бабына сәйкес өтінішке қосымшаға жататын құжаттар өтінішпен қоса Орталық депозитарийге өтініш берілген әдіспен ұсынылады.

Осы Қағиданың 17-бабының 2-тармағына сәйкес Орталық депозитарийге ұсынуға жататын құжаттар өтінішті қарауға жауапты Орталық депозитарийдің қызметкері көрсеткен әдіспен оған беріледі.

3. Төлем агенті қызметін көрсетуге келісім беру туралы Орталық депозитарийдің хабарламасы өтініш берген әдіспен сол эмитентке жіберіледі (тапсырылады). Сондай-ақ Орталық депозитарий досьеде көрсетілген мекенжайға электронды почта бойынша эмитентке осы хабарламаның файлы қосымша жібереді.
4. Өтінішке (осындай бас тартудың негіздемесі көрсетілген) сәйкес төлем агенті қызметін көрсетуге келісім беруден Орталық депозитарийдің бас тартуы бар жазбаша хабарлама өтініш берілген әдіспен эмитентке жіберіледі (тапсырылады). Сондай-ақ Орталық депозитарий эмитенттің досьесінде көрсетілген мекенжайға электронды почта бойынша эмитентке осы хабарламаның файлы қосымша жібереді.

Бұдан өзге, Орталық депозитарий эмитентті Орталық депозитарийге қолжетімді кез келген әдіспен өтінішке сәйкес төлемагенті қызметін көрсетуге келісім беруден бас тарту турады қосымша хабарлауы мүмкін.

4-тарау. ӨЗГЕ ЕРЕЖЕЛЕР

20-бап. Төлем агентінің қызметін төлеу

Төлем агентінің қызметі Қағидалар жинағының құрамына кіретін "Тарифтер мен алымдар туралы ереже" деген Орталық депозитарийдің ішкі құжатына сәйкес төленеді.

21-бап. Төлем агенті ретінде Орталық депозитарийдің айрықша міндеті

Бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау мақсатында Орталық депозитарий облигациялар эмитентінің төлем агенті ретінде қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау органы ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкін, сондай-ақ осы облигациялардың ұстаушыларын осы облигациялар бойынша сыйақыны және/немесе өтеген кезде осы облигациялардың номиналды құнын төлеу бойынша өз міндетін орындамағаны немесе тиісінше әдіспен орындамағаны не осы облигациялар бойынша ковенанттардың (шектеулердің) басталуына жол бергені туралы хабарлауға міндетті.

Орталық депозитарийдің аталған міндетті атқару тәртібі № 409 Қағидамен және Орталық депозитарий мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі арасындағы екі жақты қатынастармен реттеледі.

22-бап. Төлем агенті ретінде Орталық депозитарийдің жауапкершілігін шектеу

1. Орталық депозитарий осы Қағидамен белгіленген міндеттерді эмитенттің орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан тиесілі соманы толық емес және/немесе уақтылы төлемегені үшін жауапкершілікті көтермейді.
2. Сондай-ақ Орталық депозитарий өзінің қалауы бойынша эмитент орындаған және өкілетті ұстаушылардың тізімінде көрсетілген тиесілі соманы түзеткені үшін жауапкершілікті көтермейді.

23-бап. Қорытынды ережелер

1. Реттеу тәртібі осы Қағидалармен анықталмаған мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.
2. Егер осы Қағида қолданысқа енгізілгеннен кейін Қазақстан Республикасы заңнамасымен осы Қағиданың нормаларынан ершеленетін ереже белгіленетін болса, Орталық депозитарий осындай ережелерді басшылыққа алатын болады.

Президент

Б.Х. Капышев

Төлем агенті функциясын
жүзеге асыру бойынша
қызметті көрсету қағидасына
қосымша

(Осы қосымша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 14 маусымдағы шешімімен өзгертілді).

МІНДЕТТІ КРИТЕРИЙЛЕР

өкілетті ұстаушылардың тізімін тексеру

Ескертпелер.

1. 3–7-критерийлер бойынша тексеру Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде жоқ деректер бойынша орындалмайды.
2. Критерийдің сәйкестігі "иә" немесе "жоқ" жауабымен көрсетілуі тиіс. "Иә" жауабы критерий бойынша тексерістің оң нәтижесін білдіреді. "Жоқ" жауабы критерий бойынша тексерудің кері нәтижесін білдіреді.

Критерийдің нөмірі	Критерий
1	Өкілетті ұстаушылардың тізімінде келтірілген ұстаушының жеке шотының немесе қосалқы шотының нөмірі Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінің деректеріне сәйкес тиісінше осы ұстаушының жеке шотының немесе қосалқы шотының нөміріне сәйкес келеді
2	Өкілетті ұстаушылардың тізіміне сәйкес ұстаушыға тиесілі құралдар саны Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінің деректеріне сәйкес осы ұстаушыға тиесілі сол атаудың құралдар санына сәйкес келеді
3	Өкілетті ұстаушылардың тізімінде келтірілген ұстаушы – заңды тұлғаның атауы Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінің деректеріне сәйкес осы ұстаушының атауына сәйкес келеді
4	Өкілетті ұстаушылардың тізімінде келтірілген жеке тұлға - ұстаушының тегі, есімі, әкесінің есімі (осындай бар болса) – Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінің деректеріне сәйкес осы ұстаушының тегімен, есімімен, әкесінің есімімен сәйкес келеді
5	Өкілетті ұстаушылардың тізімінде келтірілген ұстаушының бірегей сәйкестендіргіші (бизнес-сәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі немесе оған қолданылатын заңнамаға сәйкес ұстаушыға берілген өзге бірегей сәйкестендіргіш) Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінің деректеріне сәйкес осы ұстаушының бірегей сәйкестендіргішіне сәйкес келеді
6	Өкілетті ұстаушылардың тізімінде келтірілген ұстаушының банктік деректемелері Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінің деректеріне сәйкес осы ұстаушының банктік деректемелеріне сәйкес келеді

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы:
Төлем агенті функциясын жүзеге асыру бойынша қызметті көрсету қағидасы

Критерийдің нөмірі	Критерий
7	Өкілетті ұстаушылардың тізімінде келтірілген ұстаушының салықтық жеңілдіктер туралы мәліметтер Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінің деректеріне сәйкес осы ұстаушының салықтық жеңілдіктер туралы мәліметтерге сәйкес келеді